

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАЗІРГІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ:
ЖАҢА БАҒЫТТАР МЕН КӨЗҚАРАСТАР**

«Бекмаханов оқулары» халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

21-22 мамыр

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции «Бекмахановские чтения»

**ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ:
НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПОДХОДЫ**

21-22 мая

Алматы 2010

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
аға оқытушы Әмірханов М.Б.

Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың өмір жолы

Киелі Түркістан топырағы талай дарындарды өмірге алып келгені белгілі. Осы маңайда топтасқан ақын, әнші, күйшілердің өзі бір төбе. Әрине, олардың өзі жеке-жеке зерттеуді қажет етеді. Ал, XX ғасырдағы Қазақстан тарихында өзіндік орны бар мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың есімін атау ерекше. Ол 1904 жылы 26 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы «Үшқайық» ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Нұртас Оңдасыновтың өмірбаяны мен өмір жолы турасында құжаттық материалдар өте аз. Қайраткердің өмірбаянын жазуда үш құжаттық деректі негіз етіп алуға болады. Оның бірі Нұртас Оңдасыновтың Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақталған жеке қорында қазақша және орысша қысқаша өмірбаяны берілген /1/, екінші 1950 жылы 1 наурызында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үміткер болғандағы жарнамалық афишасында /2/ және 1986 жылы 20 ақпанда Москва қаласында тұрғанда өз қолымен жазып берген қысқаша өмірбаяны /3/. Нұртас Оңдасыновқа қатысты қысқа мазмұнды жазылған бұл құжаттар оның өмірінің басты белестерін ашып, нақты даталарды келтірумен құнды. Бірінші мұрағаттық мәліметте ол өзінің туған жылын, өскен ортасынан бастап, 1962 жылға дейінгі аралықтағы атқарған істерін қысқаша баяндайды. Нұртас Оңдасыновтың туған кезі қазақ халқының ғасырлар бойы үкілі найзаның ұшымен, қаһарлы қылыштың күшімен қасық қаны қалғанша қорғаған жерінен айырылып, бодандықтың ауыр қамыты еңсесін езген кезге дөп келді. Осы бір қиын кезең қазақтың кең даласын түгелдей шарпыды. Нұртас Оңдасыновтың отбасы да кез келген қазақы шаңырақтың басына түскен тауқыметтен тыс қалған жоқ. Әкесі Оңдасын да қарапайым еңбегімен күнелткен орта қол шаруа /4/. Көзі көргендер оны егіншілікпен шұғылданып, соны кәсіп еткен адам деседі. Ал, анасы Жұмагүл болса адамгершілігі мол, он саусағынан өнері тамған ісмер болыпты. Тон, киім-кешекті пішіп, тігу, үй мүлкін, жиһазын жасау, алуан түсті жез ши орау, бау-басқұр, кілем тоқудың асқан шебері болған. Сол өнерінің арқасында ауылдастарына аса құрметті, ақ жарқын, салмақты, отбасына тыныш, берекелі, ел-жұртқа сыйлы болса керек /5/.

Нұртас Оңдасынов өз өмірбаянында әкесі Оңдасын мен анасы Жұмагүл және өгей анасы Дәрігүлдің өмірі туралы да біраз мәліметтер береді. Ал, біздер Нұрділла Оңдасыновтың /6/ шежіресіне үңілетін болсақ, Нұртас Оңдасыновтың арғы атасы Дәндібайдан Алтыбай, Мүлкібай, Оңдасын, Исабай, Майхан атты бес ұл туады. Оңдасынның алғашқы әйелінен үш бала

– Дүйсен, Исабек, Көбелек, кейінгі әйелі Жұмагүлден Әлима, Сәлима атты қыздар туады. Сөйтіп екі қыздан кейін Оңдасыннан үшінші перзент – Нұртас дүниеге келген. Естен кетпес бұл қуанышқа барлық ағайын-туыстары өздерінің шын ниеттерін білдіріп, ақ баталарын беріп, құдайдың берген ұлы ғой, оның ең сенімді елшісі болғай деп «Нұрмұхаммед» - деп, азан шақыртып ат қойған. Кейін «Нұр» деген түбірін қалдырып, өмірі тастай берік болсын деген ниетпен «Нұртас» деп атап кеткен.

Нұртас Оңдасынов «Мен Түркістанның түлегімін» /7/ атты естелігінде өзінің туып өскен жері және ес біле бастағандағы балалық шағы жайлы, ата-анасының Мырзақұлдың қыстауында қыстағандығы (Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Нұртас атындағы ауылдың батыс тұсы) туралы мәліметке кең тоқталады. Ол жайында Нұртас Оңдасынов былайша суреттейді: Ол жер Жайылма мен Сырдың арасын алып жатқан шаруаға аса қолайлы еді. Оның Жайылма жағы егістікке, қыр жағы малға, әсіресе, Шопан ата мен Ойсыл қараға қысы-жазы бірдей жақсы жайылым.

Түркістанның түстік жағы – Сыр бойына Қазақстанның басқа аймағынан гөрі көктем ерте келеді. Өте қысқа мерзімде ауа райы ысып, жазға айналып кетеді. Сол аз күндік көктемде жер нұрланып, қызғалдақ, сарғалдақ, жабайы жуа, алуан түрлі өсімдіктер қаулап шығады да, шебер қолдан шыққан кілемдей дала құлпырып-ақ кетеді. Осылайша, дала тіршіліктің жұмағына айналады. Қыс бойы көкті сағынған барлық жан-жануарлар қыр-қыратты қуалай жайылатын болған.

Сонымен қоса, осы естелігінде ол өзінің ата-бабалары Сырдария, Қаратаудағы Жиделі-Байсыннан көшіп келгендігі туралы көп әңгіме естігендігі айтылады. Бірақ қарттар қай заманда, қалай, неге қоныс аударды, оның себептерін ашуға онша бара бермеген. Онысы тарихты жете білмегендіктен болар деп Нұртас Оңдасынов өзі тұжырымдаған /8/. Нұртас Оңдасыновтың балалық шағы өмірдің қиын қыспағында өткені анық. Оның үй ішіндегі адамдардың бәрі, әкесі байларға жалданып, күндіз-түні бірдей солардың есігінде қызмет етіп, күн көру қамында болған. Нұртас Оңдасынов әке мен ананың, бауыр мен қарындастың, ағайын-туманың қарым-қатынасын, ықылас-пейілін сезініп өскен, берекелі жанұяда тәрбиеленген. Оңдасынның отбасы байлығы шалқып жатпағанмен, ынтымағы жарасқан, үлкенді-үлкен, кішіні-кіші деп сыйлай білетін, сыпайылығымен ауылға сыйлы болса керек.

Нұртас Оңдасынов анасынан ерте айырылған, көбінесе әкесіне қарап ержеткен. Ол өзінің ағалары Дүйсен, Көбелек, Исабек жайлы аталған естелігінде толық тоқталған. Нұртас Оңдасыновтың әкесі жеке өзіне тән суармалы егістігі болмаса да диханшылыққа берілген, оны ізденіп істейтін, жатақтар арасында белгілі диханшы болған.

Оңдасынның диханшылығының ең қызығы басқалар кәсіп етпеген сары мақта егу. Жұртқа белгілі, мақта – сусамыр дақыл. Оңдасынның қарамағында мақта өсіруге қолайлы сулы жері болмаған. Ол мақтаны амалдап үлкен

казанның көлеміндей бір көлемді шұқырға егетін. Сол шұқыр осы уақытқа дейін «Оңдасынның шұқыры», деп аталатын көрінеді.

Оңдасыннан кейін бұл кәсіппен айналысқан ешкім болмаған. Өкінішке орай осының салдарынан сары мақтаның тұқымы да жоғалып кеткен. Нұртас Оңдасыновтың әкесі бау-бақша дақылдары мен жеміс-жидектерді де аса шебер өсірген. Ол әкесіне қолқабыс ете жүріп, диханшылықтың көп сырын білген, кейіннен оның көп пайдасы тиген /9/. Ауылдағы науқандық жұмыстар бітісімен Нұртас Оңдасынов Ташкентте өзбектерге жалданып жұмыс істеп ешкімге алақан жаймаған. Нұртас Оңдасынов өз еңбегіне, өзіне сенген. Ауылда егін егіп, мал бағып, кейіннен, не керек өз күнін өзі көрген. Ал, Ресейдің 1914 жылдың жазында басталған бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы қазақ халқының жағдайын тіптен әлсіретіп жіберді. Еңбекші халықтың жағдайын бұрынғыдан да ауырлатып, соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды және тағы басқа толып жатқан материалдық игіліктерді қажет етті. Елдегі шаруашылық күйзеліп, егіс көлемінің азаюынан оның өнімі күрт төмендеп, малдың саны кеміді. Азық-түлікпен халық тұтынысын қанағаттандыратын заттардың бағасы күн санап өсті. Мысалы, бұрын ұнның бір пұты 94 тиын болса, 1916 жылы 40 сомға дейін өсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақ халқының да тағдырына орасан зор әсер еткені белгілі. Қалың бұқараның хал-жайы күн сайын нашарлап оның үстіне 1916 жылдың 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес бұратана халықтарынан 19 бен 43 жас аралығындағы майданға жарайтын ер азаматтар қара жұмысқа алынған. Барлық қиындық жүгінің салмағы кедейлердің мойнына түсті. Сол жылы Нұртас Оңдасыновтың да ағасы Көбелекті де патша үкіметі майданға қара жұмысқа алған. Ал, Нұртас Оңдасынов лажсыздан, әкесімен бірге жұмыс істеп, күнелтуге кіріседі. Ол 1917 жылы еңбек жолын жеке шаруашылықтарда жұмысшы болудан бастайды.

1917 жылғы ақпан төңкерісі патшалық Ресейдің құрамындағы отар елдерге, сонымен бірге біздің қазақ елінде елеулі үлкен өзгерістер әкелді. Ал қазан төңкерісі қазақ елінің тағдырына түбегейлі өзгерістер енгізді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан да жаңа құрылыстың, жаңа өмірдің басталуына негіз болды. Дәл осы жылы ақпан революциясы патшаның тақтан түсуімен аяқталды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы пролетариаттың жеңіске жетіп, тұңғыш рет өкімет билігін қолына алғанын жариялады. Ол адамзат тарихына бұрын-соңды болып көрмеген жаңа қоғам әкелді. Бірақ ол кезде қоғам теориялық жағынан мықты болғанмен, ісжүзіне аса бастағанда олқылықтары, піспеген, шын өмірге қабыса бермейтін тұстары да көп болды. Зер салсақ, әлі рулық-патриархалдық әдет-ғұрып пен дәстүрлер аясында, таным-түсінігі мүлдем бөлек қазақ халқы жаңа заманның бар заң-зүкінін, құрылымын, тіптен мұрат-мақсатын да санасына бірден сіңіре алмады. Оны түсіндіріп, жөнге бастар ел басқарған адамдардың өздері қандай қоғамға тап келіп тұрғанын толық түсіне, біле бермеді. Оның үстіне осы жылы бір тамшы жауын болмай, қатты құрғақшылық жаулады. Жылына екі рет таситын Сырдарияның суы сағасынан шықпай қалды. Қанша елді

және оның миллиондаған бас малын асырап келген егістіктері, майса шабындықтары, байтақ жайылымдары шөлге айналды, қыс аса қатты болды. Осындай жағымсыз құбылыстардың салдарынан тұрақты суармалы жері жоқ қазақтар адам айтқысыз жұтқа ұшырады. Оның соңы жаппай қырылуға әкелді. Аз малын алып қойған халық аштыққа ұшырады.

Оңдасынның отбасы да сол кезеңнің жоқтығы мен аштығын бастарынан өткерді. Жайқалып өсіп тұрған аз ғана астығы судың тапшылығынан сол жылдың алапат аптап ыстығынан күйіп кетті. Күн көрісі соған ғана қарап тұрған отбасына басқа қорек болар талғажу қалмады. Оған қоса сол жылдың қысы да алапат аязды, боранды болды. Ақырында мұндай күй тек Оңдасынның отбасын ғана емес, қараша үйлі бар қазақты тығырыққа тіреді. Аштық ажал болып келіп, талай үйдің шаңырағын ортасына түсірді. Сөйтіп, 1917 жыл тарихта «жылан жылы – аштық жылы» деген атпен қалды.

Міне, осындай тіршілік «қазанында» Нұртас та қайнап, жақсы мен жаманды көріп, пісіп, ысылып, өсіп, ержетіп жатты. Ал аштықтан жанын арашалаған жандар жан-жаққа боса бастады. Оңдасын Ташкент жаққа ауып бара жатқан ағайындарға амалсыздан Нұртасты ілестіріп жібереді. Әкенің жоқтық алдындағы дәрменсіз, шарасыз халі, қоштаса тұрып кемсендеген келбеті Нұртас Оңдасыновтың көз алдында мәңгі қалады. Осыдан кейін ол әкесін көрмеді. Осы бір жағдай, осы бір көрініс мәңгіге Нұртас санасында сақталып, жадында жатталып қалды, жай қалмай ерте есейтіп кетті.

Әкесі баласы Нұртасты Шығыстағы Ташкентке шығарып салған соң көп ұзамай, отбасына талғажу боларлық жұмыс іздеп, ортаншы ұлы Исабекті қасына ертіп Батыстағы Ақтөбеге аттанады.

Бірақ сол жылы Нұртастың әкесі Оңдасын қайтыс болады. Бас көтерер адамынан айрылған соң, оның үй іші Ташкент жанындағы Келес станциясына көшеді. 1918 жылы Ташкент теміржолының Келес станциясындағы кірпіш зауытында, одан кейін жүн жуатын кәсіп орнында жұмыс істейді /10/. Ары қарайғы өмірін Нұртас Оңдасыновтың өзі баяндайды:

«- Содан Ташкентке келіп өзбектерге жалданып әртүрлі жұмыстар істедік: мақта тердік, жүн жудық, жеміс-жидек жинадық, не керек жан сақтадық. Кейіннен Ташкент қасындағы Келес кірпіш зауытына жұмысқа кірдім, сол жерде қысты өткіздім. Осында жүріп жетім балалар үшін Ғани Мұратбаев деген адам мектеп-интернатын ашып жатыр дегенді естідім. Елден бірге келген ағам Көбелек: «...ауылға қайтамыз, онда бір дүйім ағайын-туғандарың отырғанда жетім балалар үйіне барған деген не сұмдық!» - деп, қатты реніш білдіргеніне қарамастан екі-үш баланы қасыма ертіп қашып кеттім.

Шынында да, бұл балалар үйі Ташкенттен Ғани Мұратбаев бастамасымен сол кездегі зиялы жастардың күшімен ұйымдастырылып ашылған екен. Мемлекет өзі оқытады, өзі тамақтандырады, өзі киіндіреді. Ал, жататын жеріміз – жанның рахаты, аппақ ақ төсек. Біз ондайды өмірімізде көріппіз бе?! Ал, кейбір кеше ғана көше кезіп, қайыр сұрап, қарын тойдырып, үңгір мен вокзалда түнеп жүрген балалар үшін нағыз жұмақтың өзі болғаны анық

еді. Мен үшін: «Шіркін, оқысам ғой, білім алсам ғой» деп, күндіз-түні армандап, қиялдап жүрген Нұртас Оңдасыновқа мынау бір көктен түскен кереметтей болды. Ол күнгі қуанышымды айтып жеткізу қиын. Өміріме өзгеріс, өзіме құлшыныс әкелген күн болды – деп тоқталады /11/. Сол кездің куәгері, сол интернаттың түлегі, Нұртас Оңдасыновтың бала күнгі досы Бектас Шынарбаев «Нұртаспен мақтанамын» атты естелігінде 1924 жылы Нұртас Оңдасыновқа арнап өлең жазған /12/. Бұл өлең Нұртас Оңдасыновқа деген достық махаббатынан, құрметтеу, мақтану ниетінен туындап отыр.

Теңіз де бұлақтан бастау алады, Нұртас өмірінің бастар бұлағы – Ташкенттегі №14 жетім және кедей балалар үйі болатын. Жас Нұртас Оңдасынов 1920 жылы осы мектеп-интернатқа қабылданады /13/. Ол мектеп-интернатының қабырғасында жүріп оқуға ден қойып, алға қарай жылжуына жол іздейді. Интернаттың қоғамдық жұмыстарына белсене араласып өзін көрсете білді. Кейін мектеп-интернатын тәмамдаған соң ол бірден Ташкенттегі Орман-шаруашылығы техникумына оқуға түседі. Қиын жағдайда алған білімі оның таптық санасын ерте оятты. Оқу тоқусыз алдағы күннің қараң екенін ол жете түсінген. Сондықтан да ол жас кезінен оқу білімге құштар болып өскен /14/. Әрине, Нұртас Оңдасынов үшін бұл жылдар жеміссіз болған жоқ. Алғыр да, зерек ол қатарының алды болып, ой-санасы толысып, халық ауыз әдебиеті мен шығармаларын өздігінен оқитын дәрежеге қол жеткізген /15/.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласында орын алған қоғамдық-саяси құбылыстар мен әлеуметтік негіздердің барлығы жас Нұртас Оңдасыновтың көзқарасын айқындауға себепші болды. Ол жайында жазылған және ел аузында айтылып жүрген естеліктер көп. Дегенмен оның әлі жұрт біле бермейтін ел басшылығындағы ерекшеліктерін, ар тазалығын бүгінгі тізгін ұстағандарға үлгі етерліктей адами қасиеттерін көз көргендер әлі де тамсана айтып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-67, іс-68.
2. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-70 1-п.
3. Нұртас Оңдасынов, Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. Құрастырған Г.Оразалиева. «Елорда» Астана-2004.
4. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-101, 1-7-п.
5. Ресей Мемлекеттік жаңа тарих мұрағаты 5-қор., т-98, іс-35640, 3-4 п .
6. ҚР ОММ. Қор 2330. тізбе 1. іс 67. 6-п
7. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-21.
8. ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов. // Социалистік Қазақстан 15 январь 1946 жыл №11. 16.
9. «Нұртас Оңдасынов» Құрастырған Г.Оразалиева Астана «Елорда» 2004 82-9366.

10. Ресей Мемлекеттік жаңа тарих мұрағаты 5-қор., т-98, іс-35640, 3-п.
11. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-21, 5-п.
12. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-74, 1-4-п., «Нұртас Ондасынов»
Құрастырған Г.Оразалиева Астана «Елорда» 2004 115-120 бб.
13. Ө.Айтбайұлы, Қайраткер. // Егемен Қазақстан, 9 қазан 2004 ж.
14. ҚР ОММ 2330-қор, т-1, іс-18, 4-п.
15. Ө.Қыдырбеков Заманымыздың заңғары мемлекет және қоғам
қайраткері Нұртас Ондасынов туралы бір үзік сыр. //Астана 8 қыркүйек 2005
ж.

Резюме:

В данной статье рассматриваются общественно-политические и социальные основы, послужившие причиной формирования мировоззрения общественного деятеля Н.Ондасынова.

Summary:

This article about the life of public figure N.Ondasynov and social bases which have served by the reason of his outlook are considered.